



БҰЙРЫҚ

21.05.2025

Шымкент қаласы

ПРИКАЗ

№ 263

город Шымкент

Қаржы басқарушыны тағайындау туралы

«Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Заңының 23 бабының 1 тармағына сәйкес,
БҰЙЫРАМЫН:

1. Зауре Сейтжанова Байдильдаеваның арызы бойынша қаржы басқарушысы болып Сұлтанбек Әділханұлы Әділхан тағайындалсын.
2. Қаржы басқарушы С.Ә.Әділхан «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Заңының талаптарының орындалуын қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Шымкент қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс басқарма басшысы А.Зеевке жүктелсін.

Негіздеме: Шымкент қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотының 15.05.2025 жылғы төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдану туралы бойынша іс қозғау туралы ұйғарымы.




Басшының ма.



С.Ешанкулов

«Қаржы басқарушыны тағайындау туралы»
(бұйрықтың атауы)

Шымкент қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің
2025 жылғы « 21 » 05 № 263 бұйрығының келісім парағы

| Атауы | Құрылымдық бөлімшелер атауы | Жауапты тұлғалардың аты-жөні | Жауапты тұлғалардың қолы, күні |
|-----------|---|------------------------------|---|
| КЕЛІСУ | Басшының орынбасары | Ж.Акаев |  |
| | Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс басқармасының басшысы | А.Зеев |  |
| ӘЗІРЛЕГЕН | Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс басқармасының бас маманы | А.Утегулов |  |

Іс жүргізуге қабылдау және азаматтық істі қозғау,
істі сот талқылауына дайындау туралы
ҰЙҒАРЫМ

2025 жылғы 15 мамыр

Шымкент қаласы

Шымкент қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотының судьясы С.С.Сакова арыз беруші Зауре Сейтжановна Байдильдаеваның төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдану туралы арызын қарап,

АНЫҚТАҒАНЫ:

Арыз беруші жоғарыда аталған арызбен сотқа жүгінген.

Арыздың нысаны мен мазмұны Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 148, 149-баптарының талаптарына және «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі - Заң) 20-бабының талаптарына сәйкес келеді және қазақ тілінде берілген.

Арыз Шымкент қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотының соттылығына жатады.

Арызды қайтаруға немесе қабылдаудан бас тартуға негіздер жоқ.

Азаматтық істі уақтылы, сапалы әрі дұрыс шешу мақсатында істі сотта қарауға дайындық жүргізуді қажет деп санайды.

Іс өндірісі электронды форматта жүргізілуге жатады, себебі арыз берушілер сотқа жүгінуде осы тәртіпті таңдаған.

АПК-нің 14, 150, 163-169, 268, 269, 302-баптарын және Заңның 20-бабын басшылыққа алып,

ҰЙҒАРЫМ ЕТТІ:

Арыз берушінің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдану туралы арызы соттың іс жүргізуіне қабылдансын және азаматтық іс қозғалсын.

Азаматтық іс бойынша сот ісін жүргізу тілі қазақ тілі деп белгіленсін.

Істі сот талқылауына дайындау үшін төмендегі әрекеттер жүргізілсін:

1. Шымкент қаласы бойынша мемлекеттік кірістер Департаментіне ұйғарым шығарылған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде қаржы басқарушысын тағайындау міндеті жүктелсін.

2. Қаржы басқарушысына төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдану бойынша іс қозғау туралы ұйғарым шығарған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде сотқа қорытындыны ұсыну міндеті жүктелсін, яғни 2025 жылдың 9 маусымға дейін.

3. Арыз беруші З.С.Байдильдаеваға келесі міндеттер жүктелсін:

- мүліктік массасына түгендеу жүргізу үшін оған қаржы басқарушысының қол жеткізуін қамтамасыз ету;

- отбасы мүшелері және басқа кредиторлар туралы мәліметті сотқа ұсыну;

- жалақасы туралы және бірінғай жинақтаушы зейнетақы қорынан мәліметті сотқа ұсыну;

- өзіне тиесілі мүліктердің тізімін және оларды нарықтық бағасы туралы сотқа ұсыну;

- бес жұмыс күн ішінде 0.3 АЕК көрсеткіш мөлшерінде мемлекеттік баж салығын төлегені туралы түбіртеккі сотқа ұсыны;

- сотқа дейінгі берешекті реттеу жұмыстары жүргізілгенін растайтын құжаттарын сот талқылауына дайындыққа дейін ұсыну.

4.Кредиторлар қарыз алу шарттары бойынша мәліметтер алынсын.

5.«**Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КеАҚ-на** Зауре Сейтжановна Байдильдаеваның (ЖСН 650706400891) атына қазіргі уақытта және соңғы үш жылда тіркелген мүліктер туралы мәлімет ұсыну мәндеті жүктелсін.

- арыз беруші Зауре Сейтжановна Байдильдаеваның (ЖСН 650706400891) заңды некеге қатысты мәліметтер ұсыну жүктелісін.

6.**Жеке сот орындаушылардың палатасына** борышкер Зауре Сейтжановна Байдильдаеваға (ЖСН 650706400891) қатысты қозғалған атқарушылық іс жүргізу өндірістері туралы мәлімет жолдау міндеті жүктелсін.

Заңның 20-бабына сай келесі салдар басталатыны түсіндірілсін:

1) борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арызда көрсетілген борыштық міндеттемелерінің мерзімдері өткен болып есептеледі;

2) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арызда көрсетілген кредиторлардың борышкерден міндеттемелерді орындауды талап етуіне тыйым салынады;

3) борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арызда көрсетілген кредиторлар алдындағы берешегінің барлық түрлері бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды, айыппұлдарды) және сыйақыны есепке жазу тоқтатылады;

4) борышкердің өзіне жаңа ақшалай немесе мүліктік міндеттемелерді қабылдауына (ломбардтардың микрокредиттерін алудан басқа) тыйым салынады;

5) кредиторлардың мемлекеттік органдардан және өзге де органдар мен ұйымдардан борышкердің мүлкі туралы ақпарат алуына борышкердің келісімі берілген деп есептеледі;

6) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде емделу, жақын туысын емдеуге алып жүру, жақын туысын жерлеу қажет болған жағдайларды қоспағанда, борышкердің Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге шығуына тыйым салынады;



7) борышкердің банктік шоттарынан кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру есебіне ақшаны өндіріп алуға, сондай-ақ борышкердің мүлкіне өндіріп алуды қолдануға жол берілмейді;

8) осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, борышкерге талаптар төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімінің шеңберінде ғана қойылуы мүмкін;

9) борышкердің мүлкіне қатысты атқарушылық құжаттардың орындалуы тоқтатыла тұрады;

10) мемлекеттік органдардың, өзге де органдар мен ұйымдардың борышкер мүлікті беруге, мүліктік міндеттемелерді төлеуге немесе өзге де тәсілмен орындауға міндетті болатын шешімдерін орындау тоқтатыла тұрады.

Сот төлем қабілеттілігін қалпына келтіру қолдану жөнінде іс қозғау туралы сот ұйғарымының көшірмелері борышкерге, уәкілетті органға және борышкердің тұрғылықты жері бойынша аумақтық әділет органына және «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына жолдансын.

Мүдделі тұлғаларға арыздың және оған қоса берілген құжаттардың көшірмесі жіберілсін.

Мүдделі тұлғалардың арызға қатысты дәлелдерді жоққа шығаратын құжаттарды қоса бере отырып, шағымға жазбаша пікірді, сондай-ақ пікірдің және оған қоса берілген құжаттардың көшірмелерін арыз берушіге жібергені туралы құжаттарды сотқа ұсынуы үшін **2025 жылғы 29 мамырға дейін** мерзім белгіленсін.

Тараптарға олардың Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 46-бабында көзделген, процестік құқықтары мен міндеттері түсіндірілсін, ұсынылған процестік құжаттар және тараптар өзара даулайтын мән-жайлар бойынша түсіндірмелер беру ұсынылсын.

Тараптарға дәлелдемелерді дәлелдеу және ұсыну міндеті (АПК-нің 72, 73-баптары), сондай-ақ дәлелдемелерді сот белгілеген мерзімде уақтылы ұсынбаудың және процесті негізсіз созудың Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінде белгіленген құқықтық салдары түсіндірілсін.

Іске Шымкент қаласының нотариаттық палатасы мүдделі тұлға ретінде тартылсын және шағымның және оған қоса берілген құжаттардың көшірмесі жіберілсін.

Тараптар мен іске қатысатын басқа да тұлғаларды істі сот отырысында дайындық жүргізу үшін **2025 жылғы 29 мамырға сағат 17:00-ге** алдын ала сот отырысына шақырылсын.

Шақырылған тараптардың қайсыбірінің келмеуі алдын ала сот отырысын өткізуге кедергі болмайтыны түсіндірілсін.

Азаматтық іс электронды форматта жүргізілсін.

Судья

С.С.Сакова





ҚҰЖАТҚА ҚОЛ ҚОЙЫЛҒАН: САҚОВА С. С., 16.05.2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
СІММЕН
ҚАТЫНАС
ҚАҒАЗАТ
ҚАҒАЗАТ

